

БЕКТЕМІН : Мектеп меңгерушісі Шалабаева Ж.С.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы	Милы бастауыш білім беретін мектебі, «Шұғыла» шағын орталығы				
Топ/сынып	Кіші топ				
Балалардың жасы	2 жасар балалар				
Жоспардың құрылу кезеңі	28.11- 02.12.2022 ж.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "Балаға қыс мезгілінің негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы", "Балаға сұрақ қою және сөйлеуді дамыту", "Жыл мезгілдері туралы әңгімелеу".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың біреуімен ойнау туралы қалауын айтуды, көрсетуді, оны атауды үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарын үзіп алып тастауды және суару үлгісін көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, қолды су ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамал ілетін орынды немесе оның суретін көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау керектігі туралы түсіндіру.
	Саусақ жаттығуы. "Алақай! Алақай!" Мақсат-міндеттері. Балаларға қыс туралы суретке (ауладағы қардың жауғанына) қарап, көркем сөзді	"Қолғап" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларға педагогтің соңынан көркемсөз жолдарының ырғағы мен мазмұнына сай	"Аулаға қыс келді" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс мезгілі туралы ұғымдарын	"Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану). Мақсат-міндеттері. Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде алғашқы	"Балықты аулаймыз" үстел ойыны. Мақсат-міндеттері. Баланың көзбен мөлшерлеуін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Педагог үстелдің бетіне сопақша пішінді қатты

	Саусақ жаттығуы. "Алақай! Алақай!" Мақсат-міндеттері. Балаларға қыс туралы суретке (ауладағы қардың жауғанына) қарап, көркем сөзді педеготен кейін қайталап айтып, жаттығу жасауды үйрету; тілін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жағымды әсер алу дағдыларына машықтау. Алақай! Алақай! (шапалақтау) Келді суық қыс міне (алақанды уқалау), Біз далаға шығамыз (саусақтарды қимылдату), Жаттығу жасаймыз (шапалақтау), Бір-екі! Бір-екі! (жұдырықты түю және ашу) Қарды қағып, бір-екі (қолды қағу). (сөйлеуді дамыту)	"Қолғап" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларға педагогтің соңынан көркемсөз жолдарының ырғағы мен мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл күйге бөленуді үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, еске сақтау қабілетін дамыту. - Балалар, қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, бәріміз бірге ойнап көрейік. Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды бір-біріне уқалау) Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншісін сипау) Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау) Киіп алсақ жарап тұр. (алақандарды ары-бері қозғау) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	"Аулаға қыс келді" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс мезгілі туралы ұғымдарын қалыптастыру; қардың жауғанына қарап, қыс туралы тақпақты педагогтің соңынан мәнерлеп айтуға ынталандыру. Аулаға қыс келді, Қыс келді, Қыс келді. Қар шатырға түседі, Қар ағашқа түседі, Қар жерге қарай төменге, Бұлттан баяу түседі. Қарлар - жеңіл нүктелер, Көрінбейді бұлт пен жер. Түсіп жатыр, Түсіп жатыр, Аппақ көрпе жауып жатыр. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру)	"Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану). Мақсат-міндеттері. Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Алғашында педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып, оған үздіксіз үрлейді. - Балалар, мамық қарды ұшырайықшы. Мен алақанымды ашамын, оған үздіксіз үрлеймін. - Қарға не болды? - Иә, қар ұшып кетті. Қ. Мырза Әли "Қар". Ұзақ уақыт қалықтар, Жау, жау енді, Мамық қар! Педагог баланың әрқайсына мақта кесегін (мамығын), алақанына салатындай көлемде береді. Жаттығуды ұзаққа созу қажет емес. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	"Балықты аулаймыз" үстел ойыны. Мақсат-міндеттері. Баланың көзбен мөлшерлеуін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Педагог үстелдің бетіне сопақша пішінді қатты қағаздан көлдің пішінін қиып, баланың алдына салады, оның бетіне әртүрлі балықтардың кескіндерін үлестіріп салып қояды. Әрбір балықтың денесінде кез келген геометриялық пішіннің ойығы болады. Балалардың қолында әртүрлі геометриялық пішіндер жинағы жатады. Балалар кез келген балықтың үстіне тура келетін пішінді тауып салса, оны аулап алды деп саналады. (сенсорика)
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар 1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс. Бір-біріне қарап, барлығы қол ұстасып тұру. 1-1 қолды екі жаққа созу "Табиғат тамаша!" деп айту.				

	1-2 қолды жоғары көтеру, аяқтың ұшымен тұру "Күн қандай әдемі!" деп айту, демді ішке тарту; қолды екі жаққа созу "Табиғат тамаша!" деп айту. Бастапқы қалыпқа келу (3 рет орындау). 2. Бастапқы қалып: қолды алға созу, қашықтықта бір-біріне теріс қарап тұру, аяқ, иық деңгейімен бірдей. 2-1 қолды жібермей ұстау, оңға бұрылу "Күндей күлімдейік!" деп айту. 2-2 солға бұрылып, "Күндей күлімдейік!" деп айту. Бастапқы қалыпқа келу (4 рет орындау). Бастапқы қалып: қолды алға созу, қашықтықтан бір-біріне қарап тұру, аяқ иық деңгейімен бірдей. 3-1 қолды жібермей ұстап тұрып, бірінші жұп секіреді. "Секіреміз доптай!" деп айту. 3-2 қолды жібермей екінші жұп секіреді, "Секіреміз доптай!" деп айту. Бастапқы қалыпқа келу (4 рет орындау). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. Қыс келді! Ду қол шапалақ! Қыстың тоны аппақ! Аппақ аула, Қуанады бала. Қыс келді! Ду қол шапалақ! Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Кенгуру ұқсап секірейік". Мақсат-міндеттері. Балаларды бір орында тұрып, екі аяқпен бірге секіру дағдысын дамыту; бір орында тұрып секірудің техникасын жетілдіру; балаларды бір орында екі аяқпен секіру жаттығуын ынталанып жасауға құлшындыру;	Музыка "Аппақ қар". Мақсат-міндеттері. Балаларды музыканы тыңдаудан шат-шадыман көңіл күйге бөлену сезімін қалыптастыру; әнді тыңдап, сипатын ажырата білуді үйрету; көңілді музыка әуенімен ырғаққа сай қимылдар жасай білуге машықтандыру; қыс	Дене шынықтыру "Қоян секіруге шақырады". Мақсат-міндеттері. Балаларды бір орында тұрып екі аяқпен секіру дағдыларын пысықтау; бір орында тұрып секірудің техникасын пысықтау; өткен оқу қызметтерін қайталау; балаларды бір орында тұрып екі аяқты осып секіру жаттығуын	Дене шынықтыру. "Тәуелсіз Қазақстан". Мақсат-міндеттері. Балаларды биіктігі 10 см гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету; бір ізбен жүре отырып, кеңістікте дене тепе-теңдігін сақтаудың дағдыларын меңгерту. Балалардың гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту	Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Қар". Мақсат-міндеттері. Балаларға ермексаздың тұтас бір бөлігін алақанда айналдыра илеп, домалақ пішін жасауды үйрету; алақанда мүсіндеу тәсілдерін жаттықтыру; ойын барысында қардың қасиеттері туралы түсінік беру. Мүсіндеу арқылы қолдың ұсақ моторикасын, түспен пішінді қабылдауын, байқағыштығы мен зейінін дамыту. Балалардың

	дене, аяқ бұлшық еттерін дамыту. "Кенгуру" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Межеге дейін екі аяқты қосып секіріп баруды үйрету.	мезгілінің кереметтерімен таныстыру. Балаларда музыканы тыңдай отырып, шаттық көңіл күйге бөлену сезімін дамыту; әнді тыңдап, оның сын-сипатын ажырата білу дағдыларына үйрету; көңілді музыка әуенімен ырғақты қимылдарды жасауды дағдыларын жетілдіру.	ынтамен орындауға құлшындыру; доптарды көлемі бойынша ажырата білу іскерліктерін дамыту. "Үлкен және кішкентай доптар" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлауды жетілдіру; қолдың моторикасын, балалардың заттың көлемі туралы түсініктерін дамыту.	жаттығуының техникасын дұрыс орындау икемділіктерін жетілдіру; дене, аяқ бұлшық еттерін дамыту; кеңістікте өз дене тепе-теңдігін сақтаудың дағдыларын қалыптастыру; тақырыпқа қызығушылықтарын арттыру. "Тальго пойызы" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға бір-бірінің артынан асықпай, итерміспей жүруді үйрету.	ермексаздан мүсіндерді мүсіндеуге қызығушылықтарын ояту; құрдастармен ойын ойнау кезінде өз-өзіне сенімді болуға тәрбиелеу. Ауада мүсіндеу жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Қар кесегін шартты түрде ауада илеуді көрсету.
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Қарды бақылау (қар жауған алқап). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз) Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс мезгілінің ерекше табиғи құбылысының бірі - қарды бақылауға қызығушылықтарын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, оны айтуға ынталандыру. - Балалар, бәрекелді! - Қарандаршы, балалар, айналада не жатыр?	Қарды бақылау (қар жауған алқап). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс мезгілінің ерекше табиғи құбылысының бірі - қарды бақылауға қызығушылықтарын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, оны айтуға ынталандыру. - Балалар, бәрекелді! - Қарандаршы, балалар, айналада не жатыр?	Бұлтты аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз) Мақсат-міндеттері. Балаларға бұлтты күн туралы ұғымдар беру, аспанның түсі сұр екенін байқату, бұлттар сұрланса қар жаууы ықтималдығын байқату. - Балалар, аспанға қарандаршы. - Аспанның түсі көгілдір ме? - Аспанның түсі сұр.	Қарды бақылау (қардың жерге түсуі). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз) Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын қардың жоғарыдан төмен ақырын түсетініне аудару, қардың ақшақарлардан тұратынын, олардың жеңіл мамықтай ұшатынын байқату; зейін, түйсік, ой-қиялын дамыту. <i>Шәймерден Әлдибекұлы "Қар".</i> Ақ мақтадай ұлпа қар Жамылыпты қырқалар. Қалың-қалың тон киіп,	Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз) Мақсат-міндеттері. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауы райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау қабілетін дамыту. - Балалар, айналаға қарандаршы. Не көріп тұрсындар? - Иә, айналада қар жатыр. - Аспанымыз сұр (көгілдір). - Қыста күн суық болады. - Адамдарға жылы киінеді.

- Иә, айналамызда қар жатыр. - Қар қайда жатыр? Қар жерде жатыр. Жарайсыңдар! <i>Т. Шонаев "Қар".</i> Жауды, міне, қар аппақ, Айналаның бәрі аппақ. Жасырыпты жолдарды, Тегістепті орларды. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, сапта марш ырғағына сай адымдап жүруге машықтандыру; жаттығулардан жағымды әсер алуға	- Иә, ақ қар жатыр. - Ақ қар қайда жатыр? - Айналаның бәрі аппақ. Не болған мына далаға? Ағаштар аппақ тонда, Бұталар аппақ болған, Ақ жолдар ізге толған. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтармен қардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту,	- Аспан сұр болса, қар жауады. Көк аспанды жаулайды Қалың сұр бұлттар. Бір жауса тоқтамайды Аппақ жауын, аппақ қар. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шыдамдылыққа тәрбиелеу. "Алақай!" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің көрсетуімен және тақпақ сөздерінің ырғағына сай қимылдар жасауға талпындыру; қыстың қызықты құбылыстарын жағымды көңіл күймен	Маужырайды шыршалар. - Балалар, байқадыңдар ма? Дала қандай тыныш! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру. - Балалар, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тындаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тындайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, балалар, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...	- Біз нені кидік? Балалар жауап бермей жатса, үстінен көрсете де алады. Қыс мезгілі. Суықта Қар жауады қалықтап. Қар жауады қалыптап, Аппақ қабықпен қаптап. Қыс мезгілі. Аппақ қала. Ақ көшелер. Ақ сала. Ақ көшелер. Ақ сала. Аулада тұр аққала. Д. Ахметова. - Иә, аққала да жылы киінді. - Балалар, қоян да жылы ақ тонын киіп алды. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру. Педагог балалардың бірін
---	---	--	---	---

	ынталандыру. Педагог балаларды еркін тұрғызып қоюына болады, қимылдарды көрсетеді. Біз көңілді балалармыз, Қатар-қатар тұрамыз, Көтереміз иықты, Бақылаймыз жан-жақты. Жүріп келіп асықпай. Балалар сапқа жиналып тұрады, барлығы ашық жолмен жүреді. Жаттығу екі рет қайталанады. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Алға қарай жылжи отырып, екі аяқпен бірге секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойын ойнау. Мақсат-міндеттері. Барлығы бірге тату ойнауды, ойыншықтарды бөлісуді үйрету.	бұлшық еттерін шымыр ету. Педагог балаларға көркемсөзді оқу арқылы қимылдарға ынталандырады. Алдымызда ұзынша Жайылып тұр жолақша. Топ-топ егіп басайық, Қадам басып барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Ал енді біз жүгірейік, Саптан қалмай үлгерейік. - Жүгір, жүгір, балақай! Саптан қалма, балақай! Жүгіріп болдық, жүрейік, Тыныс алып, үлгерейік. Тыныс алып болайық, Қадам басып, тоқтайық ... Д. Ахметова "Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен жүріп қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға,	қарсы ала білу қабілеттерін дамыту. - Балалар, қыс мезгілі келді. - Қысты көтеріңкі көңіл күймен қарсы алайықшы. - Алақай! Алақай! (шапалақтау) Келді суық қыс міне (алақанды уқалау), Біз далаға шығамыз (саусақтарды қимылдату), Жаттығу жасаймыз (шапалақтау), Бір, екі! Бір, екі! (жұдырықты түю және ашу) Қарды қағып, бір, екі (алақанды қағу). "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларға қапты нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп лақтыруды, ептілік, мергендік қасиеттерін дамыту.	- Бұл жақта не бар екен? - Тамаша ... Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. "Шашылған қарды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.	"Қоян" атап, барлығы бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды. Бері шыға ғой, қоян! Ақ құлақтармен ойна! Былай көрсет, Былай көрсет, Ақ құлақтармен ойна! "Өз орнында тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды сапға (түзу сызық немесе жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.
--	--	---	---	--	---

		мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.			
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды көрсетілген үлгіге қарап, геометриялық пішіндерден өздеріне де сондай тізбекті құрастыруға ынталандыру; геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды тиянақтау, есте сақтау, көзбен қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өздері қол жеткізген нәтижені көруді, оған қуануды үйрету. - Балалар, қазір сендер мына тізбекте пішіндер қалай орналасқанына қарап, өз кілемдеріңе солай саласыңдар. Педагог әрбір балаға бөлек пішіндер тізбегін ұсынады. "қызыл үшбұрыш" + "көк үшбұрыш" + "сары үшбұрыш" + "жасыл үшбұрыш" "қызыл домалақ" +	Сенсорикадан ойын-жаттығу "Қорқақ қоян". Мақсат-міндеттері. Балаларды біркелкі заттарды ортақ сенсорлық сипаттары бойынша (көлемі, пішіні, түсі) біріктіру қабілетіне үйрету; әртүрлі заттарды ортақ сенсорикалық сипаты, түсі және түрлі топтама қасиеттері мен сапасы бойынша бірін-біріне сәйкестендіруге дағдыландыру. Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, ажырата білу мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен ақыл-ойын дамыту; жасына сай қарапайым сөйлеу бірліктерін игеру қабілеттерін жетілдіру. "Қоян қайда тығылды?" дамытушы ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттері.	"Қоян қайда?" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға қоян ойыншығының қайда жасырынғанын байқату, отырған орнын "әне", "міне", "анда", "бұнда" "бар", "жоқ" сөздерін қолдануға ынталандыру; жағымды әсер алуға мүмкіндік жасау. Шарты: ойын бөлмесінде жасырынған қоянның орнын сілтеу есімдіктерін қолданып айту. - Балалар, бізге қонаққа қоян келді. - Қоян бізбен ойнағысы келеді. - Ол жасырынса, тауып алу керекпіз. Мен "Қоян қайда?" деп сұрасам, оны "әне", "міне", "анда" сияқты жауаптар қайтарамыз. Қоян қорқақ, Ұзын құлақ. Бұта түбінде,	Сурет салудан ойын-жаттығу "Аппақ қар". Мақсат-міндеттері. Балаларға қылқаламды үш саусақпен ұстап, оның түгін бояуға малып, алдын ала боялып қойған көк түс алаңын қылқаламның ұшымен біркелкі қимылдармен, нүктелі дақтармен толық бояуды үйрету; қылқалам түгіндегі бояудың бітуін бақылап, бояуға қайта малу амалын қолдануға дағдыландыру; қылқалам қалдырып жатқан "нүктелерді" балалардың бос жерлерге қайта салып отыруын қадағалау; сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға жаттықтыру; қыс мезгілі туралы түсінік беру. "Шыршаларды құрастырайық" үстел ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды үшбұрыштар арқылы шыршаларды құрастыруға ынталандыру;	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Алақай, қыс келді!" Мақсат-міндеттері. Балаларда қыс мезгілі туралы негізгі ұғымдарды қалыптастыру; қыс мезгіліне тән табиғат құбылыстармен таныстырып, қыс айларының адам өміріне пайдалы ықпалы туралы түсініктер негізін қалыптастыру. "Биіктен төмен тізбек" дамытушы ойын рефлексиясы. Мақсат-міндеттері. Заттардың биіктігін салыстыруды үйрету. "Күн райы" атты мультфильмін көру. Мақсат-міндеттері. Балаларға ауа райының негізгі құбылыстарын байқауды, ажыратуды үйрету; атауларын атауға ынталандыру; ойлау қабілетін дамыту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)

	"көк домалақ" + "сары домалақ" + "жасыл домалақ" "қызыл шаршы" + "көк шаршы" + "сары шаршы" + "жасыл шаршы" Педагог әр баланың тапсырманы орындау тәртібін бақылайды. (сөйлеуді дамыту, сенсорика)	Түстерді ажыратуды бекіту. "Дана қуыршақты серуенге шығарайық" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға киім түрлерін атауды, ажыратуды үйрету; киіну рәсіміне баулу; қандай киімді қайда киетіні туралы білімдерін қалыптастыру. Құралдар: қуыршақ, қуыршақтың киім үлгілері немесе заттық суреттер. - Балалар, Дана қуыршақты далаға шығару үшін нені кигіземіз? - Қайда кигіземіз? Көрсетіндерші. Балалар кезегімен шығып, педагогтің көмегімен киім үлгілерін атайды, киетін жерін көрсетеді, педагогтің көмегімен киінуді үйренеді. Киім үлгілерінің барлығы айтылып шығуы керек.	Қасқырға көрінбей, Ақ қарда жатыр, Тыныш қана үндемей. Д. Ахметова Көркемсөзден кейін педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, ойыншықтың орнын тауып, балаларға қоянның отырған орнын айтқызады.	қолдың ұсақ моторикасын, жазықтықты бағдарлау және ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдар: үшбұрыштардың ұсақ модельдері (пластик немесе қатпа қағаз). Педагог балаларға шыршаның суретін көрсетіп, оның сұлбасын үшбұрыштардан құрастыруға мүмкіндік береді. Балалар шыршаларды құрастырып болғаннан кейін, педагог үлгіні балалардың жұмыстарымен салыстырады. <i>III. Әлдибекұлы "Қар".</i> Ақ мақтадай ұлпа қар Жамылыпты қыр қарлар. Қалың-қалың тоң киіп, Маужырайды шыршалар. (көркем әдебиет, сенсорика, құрастыру)	
--	---	---	---	---	--

Балалармен жеке жұмыс	Саусақ жаттығуы. "Алақай! Алақай!" Алақай! Алақай! Келді суық қыс міне, Біз далаға шығамыз, Жаттығу жасаймыз, Бір, екі! Бір, екі! Қарды қағып, бір, екі! Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)	Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)	Қоян қорқақ, Ұзын құлақ. Бұта түбінде, Қасқырға көрінбей, Ақ қарда жатыр, Тыныш қана үндемей. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)	Ш. Әлдибекұлы "Қар". Ақ мақтадай ұлпа қар Жамылыпты қыр қарлар. Қалың-қалың тон киіп, Маужырайды шыршалар. (сөйлеуді дамыту)	"Қар жауды". Максат-міндеттері. Ермексаздан ұсақ кесектерді үзіп алу, шарларды илеу амалдарын игерту. (сөйлеуді дамыту)
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Балаға қыс мезгілінің негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы", "Балаға сұрақ қою және сөйлеуді дамыту", "Жыл мезгілдері туралы әңгімелеу".				